Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі
9 25 03
ЗАҢДЫ ТҰЛҒАНЫ МЕМЛЕКЕТТІК ТІРКЕУДЕН
ҚАЙТА ӨТКІЗІЛДІ
№ 25733-1910-М-е куәлік
Алғашқы тіркелген күні 1999 ж. 06 04
МИНИСТЕРСТВО ЮСТИЦИИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
ПРОИЗВЕДЕНА ГОСУДАРСТВЕННАЯ
ПЕРЕРЕГИСТРАЦИЯ ЮРИДИЧЕСКОГО ЛИЦА
25 03 2009 г.
Свидетельство № 25733-1910-У-е
Дата первичной регистрации

**«ҚР Аудиторлар палатасы» КАҰ мүшелерінің жалпы жиналысының 10.12.08 жылғы №3 хаттамасымен БЕКІТІЛГЕН**

КОПИЯ
КӨШІРМЕ

# «Аудиторлар палатасының Қазақстан Республикасының аудиторлығына кандидаттарды аттестаттау жөніндегі Біліктілік комиссиясы» жеке меншік мекемесінің

# ЕРЕЖЕСІ

2
Қазақстан Республикасы
Әділет Министірлігі Алматы қаласы
Әділет Департаменті
ЗАҢДЫ ТҰЛҒАНЫ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЙТА ТІРКЕУ
2009 ж. «25» 03 жүргізілді.
БСН 990440005524
АЛҒАШҚЫ ТІРКЕЛГЕН КҮНІ
1999 ж. «06» 04 жүргізілді.

## 1-бап. Жалпы ережелер

1.1. Мекеме түрінде құрылған «Аудиторлар палатасының Қазақстан Республикасының аудиторлығына кандидаттарды аттестаттау жөніндегі Біліктілік комиссиясы» жеке меншік мекемесі коммерциялық емес ұйым болып табылады (мекеменің түрі – жеке меншік).

1.2. «Аудиторлар палатасының Қазақстан Республикасының аудиторлығына кандидаттарды аттестаттау жөніндегі Біліктілік комиссиясы» жеке меншік мекемесінің толық және қысқартылған атауы:

Мемлекеттік тілдегі толық атауы: «Аудиторлар палатасының Қазақстан Республикасының аудиторлығына кандидаттарды аттестаттау жөніндегі Біліктілік комиссиясы» жеке меншік мекемесі.

Мемлекеттік тілдегі қысқартылған атаулары: «Аудиторлар палатасының Қазақстан Республикасының аудиторлығына кандидаттарды аттестаттау жөніндегі Біліктілік комиссиясы» ЖММ, Аудиторлар палатасының Біліктілік комиссиясы.

Орыс тіліндегі толық атауы: Частное учреждение «Квалификационная комиссия Палаты аудиторов по аттестации кандидатов в аудиторы Республики Казахстан».

Орыс тіліндегі қысқартылған атаулары: ЧУ «Квалификационная комиссия Палаты аудиторов по аттестации кандидатов в аудиторы Республики Казахстан», Квалификационная комиссия Палаты аудиторов.

1.3. Аудиторлар палатасы Біліктілік комиссиясының жалғыз құрылтайшысы «ҚР Аудиторлар палатасы» кәсіби аудиторлық ұйымы болып табылады: 14.11.2006ж. №1590-1910-КАҰ мемлекеттік тіркеу туралы куәлігі, Алматы қаласының Әділет департаментімен берілген; орналасқан жері: Алматы қ., Әуезов ауданы, 6-ықшамауд., 56-үй, 33, 34 кеңселер; ОКПО коды 40935054 (91120), СТН 600700008865; «Банк ЦентрКредит» АҚ АФ ЖДК 002700589; БИК 190501719 (ары қарай - <u>құрылтайшы</u>).

1.4. Аудиторлар палатасының Біліктілік комиссиясы (әрі қарай - Комиссия) өз қызметінде ҚР Азаматтық кодексін, ҚР «Аудиторлық қызмет туралы» және «Коммерциялық емес ұйымдар туралы» заңдарын, өзге нормативтік құқықтық актілермен осы Ережені басшылыққа алады.

1.5. Комиссияның орналасқан жері: 050036, Алматы қ., Әуезов ауданы, 6-ықш., 56-үй, 26 кеңсе.

1.6. Комиссия осы Ережемен белгіленген мақсаттарға сәйкес кәсіпкерлік қызметпен айналысуға құқылы. Комиссия өзінің құрылу мақсатына сәйкес келмейтін қызметпен айналыса алмайды.

1.7. Комиссия өз қызметінде Аудиторлар палатасының белгісін (эмблемасын) пайдалануға құқылы.

1.8. Комиссияның мемлекеттік және орыс тілдеріндегі толық атауы көрсетілген мөрі және бланкілері бар.

1.9. Комиссия заңда белгіленген тәртіппен банктерде шоттар ашуға құқылы.

1.10. Комиссия мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтарына ие болуға және оларды жүзеге асыруға құқылы.

2 ЖАҒЫН ҚАРА
СМОТРИ НА ОБОРОТЕ

1.11. Комиссия ҚР қолданыстағы заңдарымен көзделген тәртіппен бухгалтерлік және статистикалық есепті жүргізуге, өзінің қызметі туралы ақпаратты беруге құқылы.
1.12. Комиссия белгіленген тәртіппен салықтар мен бюджетке төленетін басқа төлемдерді төлейді.
1.13. Комиссия Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапкершілікте болады.
1.14. Комиссия құрамының құрылуы ҚР-ның аудиторлық қызмет туралы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

## 2-бап. Комиссия қызметінің мақсаты мен пәні

2.1. Комиссия қызметінің мақсаты – Қазақстан Республикасының аумағында аудиторлық қызметпен айналысқысы келетін аудиторлыққа кандидаттарды аттестаттау.
2.2. Комиссия қызметінің пәні:

- ✓ біліктілік емтихандарының ортақ бағдарламасын әзірлеу және бекіту;
- ✓ біліктілік емтиханын жүргізу туралы ережені әзірлеу және бекіту;
- ✓ шолушы, ұйымдастыру және баға беру топтарының құрамын бекіту;
- ✓ біліктілік емтихандарын өткізу күнін бекіту;
- ✓ аудиторлыққа кандидаттарды аттестаттауға арналған құжаттарды қабылдау тәртібін бекіту;
- ✓ біліктілік емтихандарының нәтижелерін қарастыру және бекіту арқылы аудиторлыққа кандидаттарды аттестаттау;
- ✓ Аудиторлар палатасының Біліктілік комиссиясы бекіткен нысандар бойынша «аудитор» біліктілік куәлігі мен аудитордың жеке мөрін беру.

## 3-бап. Комиссия мүшелерінің құқықтары мен міндеттері

3.1. Комиссия мүшелерінің келесі құқықтары бар:
1) өзінің құрылу мақсатына сәйкес ережелер мен нұсқамаларды, өзге де ішкі актілерді әзірлеу, Комиссия қызметінің мақсаты мен пәніне сәйкес келетін өзге де шешімдерді қабылдау;
2) аттестаттаудың сапасын жақсарту мақсатында шарттық негізде практикалық қызметпен айналысатын аудиторлар мен бухгалтерлерді, арнайы пәндердің оқытушыларын, ғалымдарды, ұйымдарды тарту;
3) Комиссияның кезектен тыс отырыстарын шақыру;
4) ұсынылған мәліметтердің дұрыстығына қатысты күмән туған жағдайда – аудиторлыққа кандидаттардан осы мәліметтерді растайтын қосымша құжаттарды ұсынуын талап ету;
5) ҚР заңнамасына сәйкес халықаралық бухгалтердің сертификаттары бар аудиторлыққа кандидаттарды осы сертификаттарды алу үшін тапсырған емтихандардан босату;
6) ҚР-ның қолданыстағы заңнамасымен көзделген өзге өкілеттіктерді жүзеге асыру.
3.2.Комиссия мүшелерінің міндеттері:
1) халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына, халықаралық аудит стандарттарына және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес келетін аудиторлыққа кандидаттарды аттестаттау бағдарламасын әзірлеу және бекіту;
2) біліктілік емтихандарын өткізу тәртібі туралы ережені әзірлеу және бекіту;
3) біліктілік емтихандарының күнін анықтау, өткізу графигін және кестесін бекіту;
4) біліктілік емтихандарының нәтижелерін қарау және бекіту жолымен аудиторлыққа кандидаттарды аттестаттауды өткізу;
5) аудиторлыққа кандидаттарды аттестаттауға арналған құжаттарды қабылдау тәртібін бекіту;
6) аудиторлыққа кандидаттарды аттестаттаудың өткізілетін орны, күні мен уақыты туралы уақытында хабардар ету;
7) аудитордың жеке мөрінің нысанын бекіту;
8) «аудитор» біліктілігін беру, «аудитор» біліктілік куәлігі мен аудитордың жеке мөрін беру туралы шешім қабылдау;

9) біліктілік экзаменін тапсыру үшін алынатын тіркеу алымының және ақының, «аудитор» біліктілік куәлігінің дайындалғаны, оның дубликатының берілгені, аудитордың жеке мөрінің әзірленгені үшін алынатын ақының мөлшерін және оларды төлеу тәртібін айқындау;
10) Комиссияның «аудитор» біліктілігін беру туралы шешімі мемлекеттік және орыс тілдерінде жарияланатын мерзімді баспасөз басылымын анықтау;
11) Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтау;
12) ҚР-ның аудиторлық қызмет туралы заңнамасымен көзделген және осы Ережемен белгіленген өзге міндеттерді орындау.

## 4-бап. Комиссияны басқару

4.1. Комиссияның басқару органдары:
1) жоғарғы орган – Құрылтайшы;
2) жеке дара атқарушы орган – Төраға;
3) бақылау органы – Ревизор.
4.2. Құрылтайшы Комиссияның жоғарғы органы болып табылады. Құрылтайшының айрықша құзыретіне келесі мәселелер жатады:
1) Комиссияның құрылтай құжаттарына өзгертулер мен толықтыруларды қабылдау, енгізу;
2) Комиссияны ерікті түрде қайта құру және тарату;
3) Комиссияның басқару органдарының құзыретін, ұйымдық құрылымын, оларды құру және өкілеттіктерін тоқтату тәртібін айқындау;
4) Комиссияның атқарушы органдарының қаржы есептемесін табыс етуінің тәртібі мен мерзімділігін, сондай-ақ бақылау органының қаржылық-шаруашылық қызметін тексеру жүргізу тәртібін және олардың нәтижелерін бекітуді айқындау;
5) заң актілерінде белгіленген шектерде Комиссияның өзге заңды тұлғаларды құруы немесе олардың қызметіне қатысуы туралы шешім қабылдау;
6) ревизорды тағайындау;
7) «ҚР Аудиторлар палатасы» КАҰ өкілдерін Комиссияның құрамына жіберу, оларды шығару және ауыстыру;
8) ҚР заңнамасымен және (немесе) осы Ережемен құрылтайшының айрықша құзыретіне жатқызылған өзге мәселелер.
4.3. Төраға ретінде Комиссия мүшелерінің қатарынан аудиторлық қызметпен айналысатын аудитор Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сайланады. Төраға Комиссия оттырысына қатысып отырған мүшелердің жай көпшілік дауысымен сайланады.
4.3.1. Төраға Құрылтайшыға есеп береді.
4.3.2. Төраға:
1) Комиссияның қызметін ағымдағы басқаруды жүзеге асырады;
2) Комиссияның қызметін ҚР заңдарына сәйкес ұйымдастырады;
3) Комиссияның жұмыс жоспарларын бекітеді;
4) Комиссияның отырыстарын шақырады және оларға төрағалық етеді, Комиссияның қарауына арнап ұсынылып отырған мәселелердің тізімін белгілейді, Комиссияның хаттамалары мен шешімдеріне қол қояды;
5) Комиссия беретін «аудитор» біліктілік куәліктеріне қол қояды;
6) бекітілуі Құрылтайшының және Комиссия мүшелерінің құзыретіне жатқызылған актілерді қоспағанда, Комиссияның ішкі қызметін реттейтін актілерді (нұсқауларды, ережелерді, регламенттерді және т.б.) және оларды қабылдау рәсімдерін бекітеді;
7) Комиссияның жұмысын ұйымдастыруды жақсартуға бағытталған шараларды қабылдайды, Құрылтайшы мен Комиссия шешімдерінің орындалуын ұйымдастырады және орындалуына бақылауды жүзеге асырады;

8) Комиссияның мүддесі үшін мемлекеттік органдармен, мекемелермен, коммерциялық және коммерциялық емес ұйымдармен және өзге тұлғалармен арақатынас жасайды;

9) мүше тұлға Комиссияның отырыстарына жүйелі түрде (қатарынан 3 реттен артық) қатыспаған жағдайда Аудиторлар палатасына немесе уәкілетті органға олардың өкілдерін Комиссия құрамынан шығару және ауыстыру туралы ұсыныс жасайды;

10) емтихан тапсыру үшін тіркелген аудиторлыққа кандидаттардың тізімдерін бекітеді;

11) шолушы, ұйымдастырушы және бағалаушы топтардың, апелляциялық кеңестің құрамын бекітеді;

12) Комиссия мүшесіне қарсылық беру және оны біліктілік емтиханына қатысудан шеттету мәселелері бойынша шешім қабылдайды;

13) біліктілік емтихандарын өткізудің орнын анықтайды;

14) Комиссияның атынан сенімхатсыз әрекет етеді;

15) Комиссияның мүддесін білдіруге, соның ішінде өзгеге өкілеттікті тапсыру құқығы бар сенімхаттарды береді;

16) штаттық кестені бекітеді;

17) шарттар жасасады;

18) банктерде есеп және басқа шоттарды ашады, заңнамамен белгіленген шектерде және Комиссия қызметінің мақсаттарына сәйкес оның қаржылық құралдары мен мүлкіне билік етеді;

19) Комиссияның қызметкерлеріне қатысты қызметке тағайындау, ауыстыру және жұмыстан босату туралы өкімдер шығарады, қызметкерлердің еңбекақысын төлеу жүйесін белгілейді, штаттық кестеге сәйкес лауазымдық еңбекақылардың мөлшерін белгілейді, басқа да еңбектік мәселелерді шешеді;

20) ҚР заңнамасымен көзделген басқа да өкілеттіктерді жүзеге асырады.

4.3.3. Төраға өз құзыретіне жататын мәселелер бойынша өкімдер және шешімдер шығарады.

4.3.4. Төрағасының орынбасары ретінде Комиссия мүшелерінің ішінен аудитор сайланады. Төрағаның орынбасарын Комиссия мүшелері ашық дауысқа салу арқылы Комиссия отырысына қатысып отырғандардың көпшілік дауысымен Төрағаның ұсынуы бойынша сайлайды.

4.3.5. Төраға болмаған кезде оның міндетін уақытша орындау міндеті оның орынбасарына жүктеледі. Комиссия Төрағасының орынбасары ҚР-ның нормативтік құқықтық актілерінде көзделген өкілеттіктерді жүзеге асырады, сондай-ақ Төрағаның тапсырмаларын орындайды.

4.3.6. Төраға мен оның орынбасары өз қызметтерін қоғамдық негізде жүзеге асырады.

4.4. Ревизорды Құрылтайшы Комиссияның атқарушы органының қаржылық-шаруашылық қызметін бақылап отыру үшін үш жыл мерзімге тағайындайды. Ревизор осы мақсат үшін Комиссияның барлық құжаттарына қол жеткізу құқығына ие болады. Ревизор міндетті түрде Комиссияның жылдық қаржылық есебін тексеріп отырады, өзге тексерулердің кезеңдігін тексерулердің нәтижелерін бекітетін Құрылтайшы айқындайды.

## 5-бап. Аудиторлыққа кандидаттарды аттестаттау

5.1. Аудиторлыққа кандидаттарды аттестаттауды Комиссия ҚР-ның аудиторлық қызмет туралы заңнамасына және Комиссияның ішкі актілеріне сәйкес жүзеге асырады.

5.2. Аудиторлыққа кандидаттарды аттестаттау ақылы негізде жүргізіледі.

## 6-бап. Комиссияның мүлкін қалыптастырудың көздері

6.1. Комиссияның осы Ережемен көзделген қызметін материалдық қамтамасыз ету үшін қажет болатын мүлкі оған Құрылтайшы берген мүліктің есебінен, сондай-ақ заңмен тыйым салынбаған өзге түсімдердің есебінен құралады.

6.2. Комиссияның мүлкі оған оралымды басқару құқығымен бекітіліп беріледі.

6.3. Комиссияның қызметін қаржыландыру мен материалдық-техникалық қамтамасыз ету Құрылтайшымен, сондай-ақ заңмен тыйым салынбаған өзге де көздердің есебінен жүзеге асырылады.
6.4. Комиссия өзіне бекітіліп берілген мүлікті және оған Құрылтайшы смета бойынша бөлген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетінше иеліктен айыруға немесе өзгеше әдіспен оған билік етуге құқығы жоқ.
6.5. Комиссия міндеттемелері бойынша өзінің билігіндегі ақшамен жауап береді. Олар жетіспеген жағдайда Комиссия міндеттемелері бойынша Құрылтайшы жауапкершілікте болады.
6.6. Комиссияның кәсіпкерлік қызметінен түскен табыс Құрылтайшыға үлестіруге жатпайды және осы Ережеде көзделген мақсатқа пайдаланылады.
6.7. Комиссияның барлық қаражаттары осы Ережеде көзделген мақсаттарға ғана арнап жұмсалады.

## 7-бап. Комиссияның құрылтай құжаттарына өзгертулер мен толықтырулар енгізудің тәртібі

7.1. Өзгертулер мен толықтырулар осы Ережеге Құрылтайшының шешімімен енгізіледі және ҚР-ның заңнамасымен бекітілген тәртіппен тіркеледі.

## 8-бап. Комиссияны қайта құру және қызметін тоқтату

8.1. Комиссияны қайта құру немесе тарату Құрылтайшының немесе соттың шешімі бойынша және ҚР заңнамалық актілерімен көзделген жағдайлар мен тәртіппен жүзеге асырылады.
8.2. Комиссияда несие берушілердің талабын қанағаттандыру үшін ақша жеткіліксіз болған жағдайда кейінгілері сотқа талаптарының қалған бөлігін Құрылтайшының есебінен қанағаттандыру туралы арызданауға құқылы болады. Комиссия таратылған жағдайда несие берушілердің талаптарын қанағаттандырғаннан кейін қалған мүлік Құрылтайшының меншігінде қалады.
8.2. Комиссия өзінің қызметін тоқтатқан болып бұл туралы заңды тұлғалардың мемлекеттік тізіліміне жазба енгізілгеннен кейін есептеледі.

**ҚҰРЫЛТАЙШЫ:**

**«Қазақстан Республикасының Аудиторлар Палатасы» КАҰ-ның атынан Кеңес Төрағасы** **А.О.Тулеуов**

**УТВЕРЖДЕНО**
**Протоколом Общего собрания членов ПАО «Палата аудиторов РК» №3 от 10.12.08 г.**

# ПОЛОЖЕНИЕ
## Частного учреждения «Квалификационная комиссия Палаты аудиторов по аттестации кандидатов в аудиторы Республики Казахстан»

### Статья 1. Общие положения

1.1. Частное учреждение «Квалификационная комиссия Палаты аудиторов по аттестации кандидатов в аудиторы Республики Казахстан» является некоммерческой организацией, созданной в организационно-правовой форме учреждения (вид учреждения – частное).

1.2. Полное и сокращенное наименование Частного учреждения «Квалификационная комиссия Палаты аудиторов по аттестации кандидатов в аудиторы Республики Казахстан»:

Полное наименование на государственном языке: «Аудиторлар палатасының Қазақстан Республикасының аудиторлығына кандидаттарды аттестаттау жөніндегі Біліктілік комиссиясы» жеке меншік мекемесі.

Сокращенные наименования на государственном языке: «Аудиторлар палатасының Қазақстан Республикасының аудиторлығына кандидаттарды аттестаттау жөніндегі Біліктілік комиссиясы» ЖММ, Аудиторлар палатасының Біліктілік комиссиясы.

Полное наименование на русском языке: Частное учреждение «Квалификационная комиссия Палаты аудиторов по аттестации кандидатов в аудиторы Республики Казахстан».

Сокращенные наименования на русском языке: ЧУ «Квалификационная комиссия Палаты аудиторов по аттестации кандидатов в аудиторы Республики Казахстан», Квалификационная комиссия Палаты аудиторов.

1.3. Единственным учредителем Квалификационной комиссии Палаты аудиторов является Профессиональная аудиторская организация «Палата аудиторов РК»: свидетельство о государственной регистрации №81590-1910-ПАО от 14.11.2006 г., выдано Департаментом юстиции города Алматы; местонахождение: г.Алматы, Ауэзовский район, мкр. 6, д. 56, офисы 33, 34; код ОКПО 40935054 (91120), РНН 600700008865; ИИК 002700589 в АФ АО «Банк ЦентрКредит»; БИК 190501719.

1.4. В своей деятельности Квалификационная комиссия Палаты аудиторов (далее Комиссия) руководствуется Гражданским кодексом РК, Законами РК «Об аудиторской деятельности» и «О некоммерческих организациях», иными нормативно-правовыми актами РК и настоящим Положением.

1.5. Местонахождение Комиссии: 050036, г. Алматы, Ауэзовский район, мкр. 6, д. 56, офис 26.

1.6. Комиссия вправе заниматься предпринимательской деятельностью в соответствии с ее целями, определенными настоящим Положением. Комиссия не может заниматься деятельностью, не отвечающей цели ее создания.

1.7. Комиссия имеет право использовать в своей деятельности символику (эмблему) Палаты аудиторов.

1.8. Комиссия имеет свою печать и бланки с полным наименованием на государственном и русском языках.

1.9. Комиссия вправе в установленном законом порядке открывать счета в банках.

1.10. Комиссия вправе приобретать и осуществлять имущественные и личные неимущественные права.

1.11. Комиссия ведет бухгалтерский учет и статистическую отчетность, представляет информацию о своей деятельности в порядке, предусмотренном действующим законодательством РК.

1.12. Комиссия уплачивает налоги и другие обязательные платежи в бюджет в установленном порядке.
1.13. Комиссия несет ответственность в соответствии с законодательными актами Республики Казахстан.
1.14. Формирование состава Комиссии осуществляется в соответствии с законодательством РК об аудиторской деятельности.

## Статья 2. Цель и предмет деятельности Комиссии

2.1. Цель деятельности Комиссии – аттестация кандидатов в аудиторы, желающих заниматься аудиторской деятельностью на территории Республики Казахстан.
2.2. Предмет деятельности Комиссии:
- ✓ разработка и утверждение единой программы квалификационных экзаменов;
- ✓ разработка и утверждение положения о проведении квалификационного экзамена;
- ✓ утверждение состава обзорной, организационной и оценочной групп;
- ✓ утверждение даты проведения квалификационных экзаменов;
- ✓ утверждение порядка приема документов на аттестацию кандидатов в аудиторы;
- ✓ проведение аттестации кандидатов в аудиторы, посредством рассмотрения и утверждения результатов квалификационных экзаменов;
- ✓ выдача квалификационного свидетельства «аудитор» и личной печати аудитора по формам, утвержденным Квалификационной комиссией Палаты аудиторов.

## Статья 3. Права и обязанности членов Комиссии

3.1. Члены Комиссии вправе:
1) в соответствии со своим назначением разрабатывать правила и положения, другие внутренние акты, принимать иные решения, отвечающие цели и предмету деятельности Комиссии;
2) в целях улучшения качества аттестации привлекать на договорной основе практикующих аудиторов и бухгалтеров, преподавателей специальных дисциплин, ученых, организации;
3) созывать внеочередные заседания Комиссии;
4) в случае возникновения сомнений в достоверности представленных сведений - требовать у кандидатов в аудиторы дополнительные документы, подтверждающие эти сведения;
5) освобождать кандидатов в аудиторы, имеющих сертификаты международных бухгалтеров, от сдачи тех экзаменов, которые были сданы для получения этих сертификатов, в соответствии с законодательством РК;
6) осуществлять иные полномочия, предусмотренные действующим законодательством РК.
3.2. Члены Комиссии обязаны:
1) разрабатывать и утверждать программу аттестации кандидатов в аудиторы, которая должна соответствовать международным стандартам финансовой отчетности, международным стандартам аудита и законодательству Республики Казахстан;
2) разрабатывать и утверждать Положение о порядке проведения квалификационного экзамена;
3) определять дату, утверждать график проведения и расписание квалификационных экзаменов;
4) проводить аттестацию кандидатов в аудиторы, посредством рассмотрения и утверждения результатов квалификационных экзаменов;
5) утверждать порядок приема документов на аттестацию кандидатов в аудиторы;
6) обеспечить своевременное извещение кандидатов в аудиторы о месте, дате и времени проведения аттестации;
7) утверждать форму личной печати аудитора;
8) принимать решение о присвоении квалификации «аудитор», выдаче квалификационного свидетельства «аудитор» и личной печати аудитора;

9) определять размер и порядок оплаты регистрационного сбора и платы за сдачу квалификационного экзамена, платы за изготовление квалификационного свидетельства «аудитор», выдачу его дубликата, изготовление личной печати аудитора;
10) определять периодические печатные издания, в которых публикуется решение Комиссии о присвоении квалификации «аудитор» на государственном и русском языках;
11) соблюдать законодательство Республики Казахстан;
12) исполнять иные обязанности, предусмотренные законодательством РК об аудиторской деятельности и установленные настоящим Положением.

## Статья 4. Управление Комиссией

4.1. Органами управления Комиссии являются:
1) высший орган – Учредитель;
2) единоличный исполнительный орган – Председатель;
3) контрольный орган – Ревизор.

4.2. Учредитель является высшим органом Комиссии. К исключительной компетенции учредителя относятся вопросы:
1) принятия, внесения изменений и дополнений в учредительные документы Комиссии;
2) добровольной реорганизации и ликвидации Комиссии;
3) определения компетенции, организационной структуры, порядка формирования и прекращения полномочий органов управления Комиссии;
4) определения порядка и периодичности представления финансовой отчетности Комиссии, проведения проверок контрольным органом и утверждения их результатов;
5) принятия в пределах, установленных законодательными актами, решения об участии Комиссии в создании или деятельности других юридических лиц;
6) назначения ревизора;
7) направления представителей ПАО «Палата аудиторов РК» в состав Комиссии, их исключения и замены;
8) иные вопросы, принятие решений по которым отнесено законодательством РК и (или) настоящим Положением к исключительной компетенции учредителя.

4.3. Председателем избирается аудитор, занимающийся аудиторской деятельностью, из числа членов Комиссии в соответствии с законодательством РК. Председатель избирается простым большинством голосов, присутствующих членов на заседании Комиссии.
4.3.1. Председатель подотчетен Учредителю.
4.3.2. Председатель:
1) осуществляет текущее руководство деятельностью Комиссии;
2) организует деятельность Комиссии в соответствии с законодательством РК об аудиторской деятельности;
3) утверждает планы работы Комиссии;
4) созывает заседания Комиссии и председательствует на них, определяет перечень вопросов, выносимых на рассмотрение заседаний членов Комиссии, подписывает протоколы и решения Комиссии;
5) подписывает выдаваемые Комиссией квалификационные свидетельства «аудитор»;
6) утверждает акты (положения, правила, регламенты и др.), регулирующие внутреннюю деятельность Комиссии, процедуры их принятия, за исключением актов, утверждение которых отнесено к компетенции Учредителя и членов Комиссии;
7) принимает меры, направленные на улучшение организации работы Комиссии, организует исполнение и осуществляет контроль за исполнением решений Учредителя и Комиссии;
8) в интересах Комиссии взаимодействует с государственными органами, учреждениями, коммерческими и некоммерческими организациями и иными лицами;

9) в случае систематического неучастия члена на заседаниях Комиссии (более трех раз подряд), вносит предложение в Палату аудиторов или в уполномоченный орган об исключении представителя из состава Комиссии и его замене;

10) утверждает списки кандидатов в аудиторы, зарегистрированных на сдачу квалификационных экзаменов;

11) утверждает состав обзорной, организационной и оценочной групп, апелляционного совета;

12) принимает решение по вопросам отвода члена Комиссии и отстранения его от участия в проведении квалификационного экзамена;

13) определяет место проведения квалификационных экзаменов;

14) без доверенности действует от имени Комиссии;

15) выдает доверенности на право представлять Комиссию, в том числе доверенности с правом передоверия;

16) утверждает штатное расписание;

17) заключает договоры;

18) открывает в банках расчетные и другие счета, распоряжается финансовыми средствами и имуществом Комиссии в пределах, установленных законодательством, и в соответствии с целями деятельности Комиссии;

19) в отношении работников Комиссии издает распоряжения о назначении их на должность, об их переводе и увольнении, определяет систему оплаты труда работников, устанавливает размеры должностных окладов в соответствии со штатным расписанием, решает другие трудовые вопросы;

20) осуществляет иные полномочия, предусмотренные законодательством РК.

4.3.3. Председатель по вопросам, входящим в его компетенцию, издает распоряжения и решения.

4.3.4. Заместителем Председателя избирается аудитор из числа членов Комиссии. Заместителя Председателя избирают члены Комиссии по представлению Председателя открытым голосованием простым большинством голосов, присутствующих на заседании Комиссии.

4.3.5. В случае отсутствия Председателя временное исполнение его обязанностей возлагается на его заместителя. Заместитель Председателя Комиссии осуществляет полномочия, предусмотренные нормативными правовыми актами РК, а также выполняет поручения Председателя.

4.3.6. Председатель и его заместитель осуществляют свою деятельность на общественных началах.

4.4. Ревизор назначается Учредителем сроком на три года для осуществления контроля за финансово-хозяйственной деятельностью исполнительного органа Комиссии. Ревизор обладает для этой цели правом безусловного доступа ко всей документации Комиссии. Ревизор в обязательном порядке проводит проверку годовой финансовой отчетности Комиссии, периодичность иных проверок определяется Учредителем, который утверждает результаты проверок.

## Статья 5. Аттестация кандидатов в аудиторы

5.1. Аттестация кандидатов в аудиторы проводится Комиссией в соответствии с законодательством РК об аудиторской деятельности и внутренними актами Комиссии

5.2. Аттестация кандидатов в аудиторы проводится на платной основе.

## Статья 6. Источники формирования имущества Комиссии

6.1. Имущество Комиссии, необходимое для материального обеспечения деятельности, формируется за счет имущества, переданного ей Учредителем, а также за счет других не запрещенных законом поступлений.

6.2. Имущество Комиссии закрепляется за ней на праве оперативного управления.

6.3. Финансирование и материально-техническое обеспечение деятельности Комиссии осуществляется Учредителем, а также за счет иных источников, не запрещенных законодательством.

6.4. Комиссия не вправе самостоятельно отчуждать или иным способом распоряжаться закрепленным за ней имуществом и имуществом, приобретенным за счет средств, выделенных ей Учредителем по смете.

6.5. Комиссия отвечает по своим обязательствам находящимися в ее распоряжении деньгами. При их недостаточности ответственность по обязательствам Комиссии несет Учредитель.

6.6. Доходы от предпринимательской деятельности Комиссии не могут распределяться Учредителю и используются в целях, предусмотренных настоящим Положением.

6.7. Все средства Комиссии направляются исключительно на цели, предусмотренные настоящим Положением.

## Статья 7. Порядок внесения изменений и дополнений в учредительные документы Комиссии

7.1. Изменения и дополнения в настоящее Положение вносятся по решению Учредителя и регистрируются в порядке, установленном законодательством РК.

## Статья 8. Реорганизация и прекращение деятельности Комиссии

8.1. Реорганизация или ликвидация Комиссии осуществляются по решению Учредителя или суда в случаях и в порядке, предусмотренном законодательными актами РК.

8.2. При недостаточности у Комиссии денег для удовлетворения требований кредиторов последние вправе обратиться в суд с иском об удовлетворении оставшейся части требований за счет Учредителя. При ликвидации Комиссии оставшееся после удовлетворения требований кредиторов имущество остается в собственности Учредителя.

8.3. Комиссия считается прекратившей свою деятельность после внесения записи об этом в государственный регистр юридических лиц.

**УЧРЕДИТЕЛЬ:**

**От ПАО «Палата аудиторов Республики Казахстан» Председатель Совета** — **А.О.Тулуов**

3 0 МАР 2009 года. Я, Рахимов Муратбек Мергалымович нотариус г.Алматы, действующий на основании лицензии №0001148 от 04.09.2002 г. выданной Министерством юстиции РК. Свидетельствую верность этой копии с подлинником документа. В последнем подчисток, приписок, зачеркнутых слов и иных не оговоренных исправлений или каких-либо особенностей не оказалось.

Зарегистрировано в реестре за № 6-5058

Оплачено 75 ... 1120 тенге

Нотариус ...

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ
АЛМАТЫ ҚАЛАЛЫҚ ӘДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ

НӨМІРЛЕНГІНІ, ТІГІЛГЕН ЖӘНЕ МӨР
БАСЫЛҒАНЫ БАРЛЫҒЫ 10 ПАРАҚ

2009 ж. "25" 03

МИНИСТЕРСТВО ЮСТИЦИИ Р...
ДЕПАРТАМЕНТ ЮСТИЦИИ...

ВСЕГО ПРОНУМЕРОВАНО...

...ЕНГЕН ЖӘНЕ
Б...ЫҚТАЛҒАН 200 8г
10 ... ПАРАҚТА
Нотариус ... Подпись